

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ



Президент
Республики Казахстан
У К А З

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында және республикалық
баспасөзде жариялануға тиіс

**«Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 тамыздағы
№ 615 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу және
«Елорданың, республикалық маңызы бар қаланың, облыстардың,
облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың рейтингтері
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы
11 ақпандағы № 500 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы**

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 615
Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 44,
648-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Барлық деңгейдегі әкімдер жыл сайын, бірінші тоқсан ішінде
халыққа есеп беру кездесулерін өткізіп, олардың барысында елде жүргізіліп
жатқан реформалардың іске асырылуы, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің
өткен жылдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы, оны одан әрі дамытудың
міндеттері мен негізгі бағыттары туралы хабардар етсін.»;

2-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мүдделі
мемлекеттік органдардың статистикалық деректер негізінде, Астана және
Алматы қалаларының, облыстардың әлеуметтік-экономикалық және
индустриялық-инновациялық даму деңгейі мен серпініне талдау жүргізуін
қамтамасыз етсін.».

2. «Елорданың, республикалық маңызы бар қаланың, облыстардың,
облыстық маңызы бар қалалардың және аудандардың рейтингтері туралы»
Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 11 ақпандағы № 500
Жарлығының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**



Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2014 жылғы 9 сәуір

№ 776